



Мурсалова Л.А.

**ЕСІРТКІ ЗАТТАРДЫ НЕМЕСЕ
ЖҮЙКЕГЕ ӘСЕР ЕТЕТІН
ЗАТТАРДЫ ТҰТЫНУ ҮШІН
ПРИТОНДАР
ҰЙЫМДАСТЫРУҒА НЕ
ҰСТАУҒА ҚАРСЫ ҰЙЫМДЫҚ
СИПАТТАҒЫ ШАРАЛАР**

*В статье говорится об
организованных мерах по
предупреждению организации притонов
для использования наркотических
веществ.*

*In article it is told about the organised
measures under the prevention of the
organisation of brothels for use of narcotic
substances.*

Құқықтық сипаттағы шаралармен қатар бұл қарастырылып отырған іс-әрекеттердің алдын алуда ұйымдастырушылық сипаттағы қосымша шаралар да бар.

Алдын алу шаралары криминологияда өздерінің алдына қойған максаттарына қарай жалпы әлеуметтік (жалпы) және арнайы (арнайы-криминологиялық) болып бөлінеді [1.22]. Бұл деңгейлердің өзара байланысы мен өзара әрекет-тестігі жалпы қылмыскерліктің де, жекелеген қылмыстардың да алдын алуда айтарлықтай нәтиже береді. Алдын алушылық сипат бар бұл деңгейлердің біртекті еместігі олардың қайсы-сының маңыздырақ екендігін анықтауда қиындық тудырады. Дегенмен, Қазақстанның бүгінгі жағдайында, қылмыскерліктің жалпы алдын алу шараларының, оларды қанша дәріптегенмен, аса қажеттілігі болмай тұр. «Қылмыскерліктің жалпы алдын алу жайында сөз етсек, қоғамның дұрыс дамуының, оның экономикалық, саяси, әлеуметтік және өзге институттарының жетілгендігінің, өмірдің қылмыскерлікті тудыратын дағдарысты жағдайлардан арылғандығының қылмыстан арылудың бірден бір жолы екендігін айтамыз» [2.56].

Көптеген қылмыскерлердің құқықтық санасы ерекше, ол бақылау тобындағылардың құқықтық санасынан едәуір өзгеше. Егер қылмыскерлердің жалпы заңға қатынасы жайында айтсақ, қылмыскерлердің айқын, нақты позиция ұстанатындығын көреміз. Негізінен олар заңның болуы керек екендігін мойындайды, заң қорғайтын көптеген жағдайлардың әділдігін және ізгілікті екендігін ұғынады. Бірақ қылмыскерлер заңның жасампаздық рөлін, оның әлеуметтік реттегіш ретіндегі функциясын, бақылау тобындағы адамдарға қарағанда сирек айтады, қоғам құрылысының мемлекеттік-құқықтық принциптері жайында, заңның әлеуметтік рөлі, құқықтық әртүрлі салаларының нормалары жайында жақсы хабардар емес (мемлекеттік, лауазымдық, экономикалық қылмыскерлерден басқалары). Құқық бұзушылардың басқа азаматтарға қарағанда қылмыстық заңды жетік білетіндігі туралы пікір қате. Біріншіден, қылмыс жасап, ол ашылғанға дейінгі олардың құқықтық хабардарлығы басқа адамдардікінен артық емес; екіншіден, олардың қылмыс жасағанға дейін және одан кейін алған білімі кездейсоқ және жүйесіз, ол білім өздері алған тәжірибемен немесе араласып жүрген адамдардың тәжірибесімен шектелген. Қылмыстық заң, бұл жағдайда, құқықтық білімге аса мұқтаж адамдар үшін тиісті сақтандыру рөлін атқара алмайды.

Бақылау тобындағы адамдарға қарағанда



кылмыскерлер санкциялардың тежеушілік рөліне көп мән береді. Сотталғандар заңда көзделген санкцияларды жұмсарту керек деп әрдайым санамайды. Себебі сотталғандардың өздері жәбір шеккен іс-әрекеттер де жазаланады ғой. Бұл ретте сотталғандардың әртүрлі санаттарының, атап айтқанда, қандай кылмысты қатан, қайсысын жеңіл жазалау керектігі жөніндегі түсініктері әртүрлі болып келеді. Пайдакүнемдік және зорлық кылмыстарды жасаушы адамдардың құқықтық талаптары өзіндік ерекше.

Қылмыскерлер қоғамдық және топтық психологияда кең таралған пікірлерді едәуір шамада қайта елестетеді. Ал кылмыс жасаушы адамдардың бұл көзқарастарды кылмыстық іс-қимылға айналдыру мүмкіндігі басқа азаматтарға қарағанда едәуір жоғары, себебі көзқарастардың, мақсаттардың, бағдарлардың тиісті деформациялары олардың ортасында: а) кең таралған; б) тереңірек сипат бар нанымға айналады, сол бағыттағы іс-қимылға дайын тұру, іс-қимыл дағдылары, кейбір жағдайларда, бақылау тобында мүлде байқалмайтын дәрежеде көрініс табады; в) құндылық бағдарлардың, өнегелік, құқықтық және басқадай көзқарастар мен мақсаттардың өзара байланысты деформацияларының кешені көрсетеді. Мұндай деформациялары бар субъектілер өздері сияқты, қоғам моралі мен заңнан туындайтын тіке қарама-қарсы позициялар ұстанған адамдармен араласып, проблемалық және қақтығысты ситуацияларда жиі қалады.

Есірткінің заңсыз айналымы саласындағы кылмыстардың, оның ішінде есірткі притондарын ұйымдастырудың немесе ұстаудың алдын алу үшін базистік, әсіресе экономикалық себептер мен жағдайларды бейтараптандыруға, аясын тарылтуға бағытталған кең ауқымды жалпы мемлекеттік шаралар болу керек. А.Э. Жалинскийдің пікірінше, «қоғамның материалдық деңгейін көтеруге бағытталған шаралар кешені құқықтық және басқа да шаралармен бірлесіп кылмыстық көріністерге қарсы тұра алады, олардың азаюына септігін тигізеді». Шындығында, «тиянақты экономикалық, саяси-элеуметтік қатынастар болған жағдайда ғана кылмыскерлікпен күрестен тиісті нәтиже алуға болады» [3.54-55]. Экономиканың тұрақты дамуы, биліктің мемлекеттік институттарының нығаюы, элеуметтік проблемаларды шешуге бет бұру және де саяси қатынастарды тұрақтандыру кылмыстың қандай түрімен болса да күрестің тиімділігін арттырады.

Есірткі притонын ұстаушылармен күрес мәселесін зерделеу барысында есірткіні заңсыз сақтау немесе иелену фактісі бойынша кім екендігі анықталмаған есірткі сатушыларға қатысты кылмыстық іс қозғаудың шағын практикасы бар екендігі анықталды. Бұл есірткі притондарын ұстаушыларды анықтауда белсенділікті төмендетеді.

Есірткі притондарын айқындау үшін жедел-ізвестіру бөлімшелерін пайдалану керек, олар күдікті адамдардың шоғырланатын жерінде, есірткі заттарды тұтынатын жерлерде нақты адамдарға жасырын бақылау ұйымдастырады, оның жүріс-тұрысын қадағалайды. Ал ескеретін бір жағдай – есірткі заттарды тұтыну үшін притон ұйымдастырған не ұстаушы адам нашакор да, есірткінің ешқашан дәмін татпаған адам да болуы мүмкін. Және олар өз тұрғын-жайын есірткі тұтыну үшін бергенде әртүрлі сылтаулар ойлап табады: материалдық пайда көру, сыйақы алу, көңіл жақындықпен беру, притонға келушілер есебінен есірткі қолданып қалу және т.б.

Притон ұйымдастырушылар, біріншіден, кылмыстық жауапқа тартылып кетпеуі үшін, екіншіден басқа нашакорлар мен рэкитерларға жем болмау мақсатында ол үй-жайды жасырын ұстауға тырысады. Көршілермен жанжалға бармайды, олардың тұрақты келіп тұратын адамдары бар, бөгде адамдарға күдікпен қарайды (олар бәсекелестер ме, әлде ішкі істер органдарының агенттері ме деген оймен оларды сырттай сұрастырып біледі).

Есірткі притондарын ұйымдастырушылармен (ұстаушылармен) күресте, бәрінен бұрын, есірткіні бақылау қызметінің бөлімшелері мен қоғамдық қауіпсіздік полициясы белсенділік танытуы тиіс. Бұл ретте, мұндай адамдарға қатысты кылмыстық іс қозғаудың қазіргі кезде кездесетін проблемасы мұндай құқыққа қайшы іс-әрекеттерді ашудағы нәтижелікке кедергі болмауы керек.

Қазақстан Республикасының ІІМ есірткі айналымын бақылайтын Комитеттік қызметі құқық қорғау органдарының бөлімшелеріне есірткі кылмыстарын ашуда және олардың алдын алуда ұйымдық, оқу-әдістемелік көмек көрсетіп тұруға тиіс.

Бұл қызмет барлық құқық қорғау органдарын үйлестіруші міндетін де атқарады, ол өз жұмысын солармен өзара тығыз байланыстыра жүргізеді. Мұның бір мысалы ретінде Қазақстан Республикасының есірткінің айналымын бақылау жөніндегі Комитеттік қызметі мен жазаларды орындау жөніндегі Комитеттік қызмет арасындағы 17.05.2006 жылғы № 10/1 – 1213/А4 – 26 өзара әрекеттестіктің негізгі бағыттары туралы Келісімді алуға болады. Есірткі заттардың, жүйкеге әсер ететін заттардың және олардың прекурсорларының айналымын бақылауды жүзеге асырумен байланысты, оның ішінде



есірткінің заңсыз айналымына қарсы тұру саласындағы өз жұмыстарының тиімділігін арттыруға өзара мүдделі екендігін мойындап тараптар өз өкілеттіктері шегінде біріне бірі мынадай тегін қызмет көрсетуге келісті: ақпарат алмасуға; жедел-ізвестіру іс-шараларын жүргізуге; есірткінің заңсыз айналымының алдын алу мақсатында бірлескен шаралар ойластыруға және оларды іске асыруға; кадрларды кәсіби даярлауға, қайта даярлауға және олардың біліктілігін көтеруге; ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге; өз өкілеттіктері шегінде бірлескен шолулар, әдістемелік ұсыныстар жасауға, өзара мүдделілік тудыратын арнайы әдебиет алмасуға.

Келісімде сонымен қатар тараптар оперативтік, оперативтік-анықтамалық ақпараттар аламасады деп көрсетілген, мысалы: есірткінің заңсыз айналымы және оған қатысы бар адамдар туралы; оперативтік қызығушылық тудыратын, сондай-ақ екінші жақтағы қылмыстық іс бойынша және тексеру материалдары бойынша өтетін адамдарға қатысты материалдардың бар екендігі туралы және т.б. Бұл жерде есірткі притонын ұстаушы тұлғасының айрықша белгілері жайында өзара ақпарат алмасудың да маңызы зор. Бұл қылмыстық-атқарушылық жүйесінің қызметкерлері үшін сотталғандарды түзетудің негізгі құралдарын жеке дара қолдануды қамтамасыз ету тұрғысынан, ал есірткіні бақылау органдары үшін – қылмыстың қайталануының алдын алу мақсатында керек («Есірткі заттарды немесе жүйкеге әсер ететін заттарды тұтыну үшін притондар ұйымдастыру не ұстау» қылмысының қайталану мүмкіндігі жоғары).

ТМД елдері қылмыстық кодекстің бұл аталған нормаларын Қазақстанның қылмыстық заңдарымен үйлестіру қылмыс құрамын анығырақ тұжырымдауға мүмкіндік береді, Достастық елдерінің заң шығарушыларының есірткі заттарды немесе жүйкеге әсер ететін заттарды тұтыну үшін притондар ұйымдастыруға (ұстауға), жалпы ол заттардың заңсыз айналымына қарсы тұру саласындағы заңдарды бірегей ету жөнінде жұмыс жүргізуіне септігін тигізеді. Құқық қорғау органдарының сақтандыру шараларын жүргізетін басқа да субъектілердің ұйымдық-басқару қызметін, жұмыс практикасын жетілдіру осы баяндалған-дармен үйлесе отырып есірткі қылмысының алдын алуда және оның жолын кесуде он нәтиже беруге тиіс.

Ал, қылмыстан жалпы сақтандыру дегеніміз – құқық қорғау органдарының қылмыстың жасалуына ыңғай тудыратын себептер мен жағдайларды ашуға, сондай-ақ сол себептер мен жағдайларды жоюға бағытталған іс-шараларды жүргізуі. Олар арнайы әдістердің пайдаланылуын керек етеді. Бұлар кримнологтар арқылы даярланған және тәжірибедегі қызметкерлер өз құзыреті шегінде пайдаланады. Оларға:

- қызмет көрсететін аумақтағы, объектілердегі, шаруашылық субъектілеріндегі жағдайларға оперативтік жағдайларға жан-жақты және терең талдау жасау; қылмыстылықтың (жайын, деңгейін, құрылымы мен динамикасын), оның түрлерін, жасалу орыны, тәсілі және уақыты, ұрланған заты және қылмыстық қастандық жасалған нысаны, сондай-ақ қылмыс жасаған адамдардың мінездемесі бойынша топтасудың үрдістері мен ерекшеліктерін зерделеу;

- шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметіндегі құқық бұзушылық жасауға ыңғай тудыратын себептер мен жағдайларды айқындау; мүдделі органдарға, кәсіпорындар мен мекемелердің әкімшіліктеріне құқық бұзушылықтың алдын алу мәселелері бойынша ақпарат, хабар даярлау;

- қызмет көрсететін аумақта орналасқан нысандарды (әсіресе, есірткі заттар бар дәріханаларды, қару-жарақ сататын дүкендерді және т.б.), халық жаппай демалатын орындарды ұдайы бақылауда ұстау, қылмыс жиі жасалатын жерлерге баса назар аудару; бұл жұмыс кешенді және мақсатты операциялар мен рейдтер жүргізумен байланысты;

- құқық бұзушылар арасында құқықтық тәрбие жұмысын жүргізу;

- БАҚ материалдарын, лауазымды адамдардың, қоғамдық ұйым өкілдерінің хабарларын, сондай-ақ азаматтардың жасалған құқық бұзушылық, лауазымды адамдардың оған шара қолданбағандығы және оларға қатысты ешқандай ықпалдық әрекеттер болмағандығы туралы арыздары мен шағымдарын зерделеу жатқызылады.

Ал қылмыстардан жеке-дара сақтандыру дегеніміз – құқық қорғау органдарының мінез-құлқы қылмыс жасайды деп күдік тудыратын адамдарды айқындауға және оларға қатысты сақтандыру іс-шараларын жүргізуге бағытталған қызметі.

Ондай адамдарды айқындау үшін құқық қорғау органдарының қызметкерлері күнделікті, үзбей бақылау жұмыстарын жүргізеді. Өз қызметінде ІІБ-нің қызметкерлері ішкі ақпаратты (анықтамалық картотеканы); ақпараттық орталықтың мәліметтерін; оқиғаларды есепке алу кітабын (журналын); кезекші бөлімге немесе медициналық сауықтыру орнына жеткізілгендер тізімін; ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық іс қозғаудан бас тарту материалдарын; сондай-ақ ішкі істер органдарының басқа қызметтері



мен бөлімшелерінен келіп түскен материалдарды пайдаланады. Сонымен қатар, мұндай жұмысты ірі қалалар, көлік тораптары жағдайында жүзеге асырғанда арнайы операциялар мен рейдтер жүргізудің тиімділігі зор. Аталған адамдар алғаш полиция қызметкерлеріне белгілі болған кезден бастап сақтандыру шаралары аяқталғанға дейін қатан бақылауда болуға тиіс. Алғашқы кезеңде олардың келешекте қандай іске баруы мүмкін екендігін бағалау керек, яғни болжам жасалады. Содан кейін оның кіммен, қалай, қайда тұратындығын дәлірек анықтау, ол жайындағы деректердің растығын тексеру жұмыстары жүргізіледі.

Құқық бұзушының жеке басын түзеудің бұл белгіленген бағдарламасы адамның он және теріс қасиеттері мен психологиялық ерекшеліктерін, оның тіршілік жағдайын, қоршаған ортаның оған он немесе теріс ықпал ететіндігін, сол қалыптасқан нақты жағдайда криминогендік факторлардың әрекетінің ерекшеліктерін барынша түгелдей ескеруге негізделсе ғана жақсы нәтиже береді. Ол үшін полиция қызметкері құқық бұзушылармен, оның отбасы мүшелерімен, туыстарымен, көршілерімен және оны білетін басқа адамдармен, тұратын жеріндегі жұртшылық өкілдерімен, кәсіпорын әкімшілігімен және басқалармен әңгімелеседі. Сот үкімі, қылмыстық іс қозғау немесе ақтамайтын негіздер бойынша оны қысқарту туралы әкімшілік құқық бұзушылық туралы материалдар, сондай-ақ сол құқық бұзушыға қатысты басқа да құжаттар зерделенеді. Қажет болған жағдайда бұрын сотталғандар жайында бас бостандығынан айыру орындарынан, басқа мекемелер мен ұйымдардан мәліметтер, жұмыс орнынан, оқу орнынан және тұратын жерінен мінездеме мен анықтамалар сұратылып алынады.

Құқық бұзушының жеке басына қатысты полиция қызметкері келесідей талдаулар жасайды:

- оның қылмыстық және басқа да құқыққа қарсы іс-әрекеті (қашан, қай жерде және не үшін қылмыстық немесе әкімшілік жауапкершілікке тартылды, қандай жаза тағайындалды, жазаны қай жерде өтеді және сол кезеңде қандай мінездеме алды); әр құқық бұзушылықта қандай мән-жай болды, қандай себеппен және кімге қарсы жасалынды, бұл құқық бұзушылық маскүнемдікпен немесе есірткі қолданумен, отбасындағы дау-дамаймен байланысты емес пе; қылмыстың жасалуына қандай жағдайлар ыңғай тудырды;

- жеке басының қасиеті және әлеуметтік-демографиялық көрсеткіштер (білімі, жасы, отбасы жағдайы, отбасы құрамы, мәдени деңгейі, мамандығы, еңбек тәжірибесі мен еңбек өтілі, жалпы азаматтық міндетке, отбасына, балаларына көзқарасы және т.б.);

- жеке басы – психологиялық ерекшеліктері: а) интеллектісінің дамығандығы (ой-сана деңгейі, білім қоры, өмір тәжірибесі, көзқарас кендігі және т.б.); б) мінез ерекшеліктері (тұйық немесе жайдары, менмен немесе қарапайым, пысық немесе жалқау, жеңілтек немесе сабырлы, өтірікші немесе шыншыл, сондай-ақ мінезінің басқа жақтарына да кекшіл, қатыгез, қу, іші тар және т.б. ерекшеліктеріне назар аударылады); в) жігерлілік қасиеті (табандылық, батылдық, жинақылық, басқаны бағындыру немесе біреудің ықпалына оңай түсе салу қабілеті); г) қызығушылығы (оқуға, спорт ойындарына, аң, балық аулауға, техникамен айналысуға және т.б.); д) қоғамға қарсы сипаттағы ерекше бейімділігі (ішімдік немесе есірткі қолдануға, құмар ойындарына, әдепсіз іс-әрекетке, дау-дамайға және т.б.). Мұндай адамдарды жан-жақты және терен зерделеу үшін қылмыстық тәжірибе нышандарын (қылмысқа даярлықтың, оны жасаудың және жасырудың айырықша дағдыларын, жедел жұмыс әдістері туралы хабардар екенін, қылмыстық топтарға қатысқандығын), бойында бар сырқаттар мен кейбір физиологиялық ерекшеліктерін (маскүнемдік, нашакорлық, есалаңдық сияқты ауруларын) де айқындау керек;

- өмір, тұрмыс жағдайын, оны қоршаған адамдарды (отбасы мүшелерінің мінездемелері, олардың арақатынастары, тұрғын үй-жайы, жұмыс орны, ондағы моральдық-психологиялық ахуал, қызметтестерімен арақатынасы, жұмыс жайы, материалдық жағдайы, кімдермен араласатындығы, олардың қайсысы он ықпал ете алады, беделінің бар-жоғы және т.б.).

Жеке-дара сақтандырудың негізгі міндеттерінің бірі – адамның қоғамға қарсы ұстанымына, оның өмірде алға қойған мақсаттарына ықпал ету. Басқаша айтқанда, адамның қылмыс жасау ниетін айқындап, соны бақылау (тоқтату). Бұл ретте ықпал етудің екі негізгі әдістері: сендіру және мәжбүрлеу қолданылады.

Ал сендіру әдісі шегінде адамның санасына, сезіміне және еркіне тәрбиелік ықпал етудің әртүрлі педагогикалық тәсілдері қолданылады. Оның себебі, педагогикалық ғылым әртүрлі тәсілдерді ұсынып отыр, мысалы: жалған көзқарастар мен беделдердің бетін ашу; еліктеуге болатындай жақын адамдарды, әйгілі адамдарды (спортшыларды, т.б.) табу; кейбір қылықтардың келеңсіз жақтарын, теріс салдарын көрсету және т.б. Сендіру әдісі оңай болып көрінгенмен едәуір күрделі. Ол жоғарыда көрсетілген



шарттар орындалғанда ғана жеміс береді.

Бұл саладағы көптеген мамандар бес әдісті бөліп алып, тереңірек зерттеген: сендіру, жаттығу, үлгі ету, мадақтау, жазалау және олардың іс-жүзінде қолданылатын нақты нұсқалары, басқа түрлері. Кәметке толмағандар ісі жөніндегі бөлімшелердің (КТІБ) қызметкерлері кәметке толмағандармен мораль және құқық нормаларын талқылап, оларға айтып, түсіндіріп сақтандыру жұмысын жүргізеді (немесе құқық бұзуға бейім болуы мүмкін іс-әрекеттің алдын алады). Ол құқық бұзушының қылықтарын қолдайды немесе ұнатпайды, сол арқылы оған болашақ істерде бағдар береді. Бірақ тәрбиелеу әдістерінің көп түрлілігі, олардың өзара және басқа педагогикалық санаттармен арадағы айырмашылықтарының айқын еместігі оларды топтастыруды қиындатып отыр.

Педагогикалық әдебиеттерге жүргізілген талдама топтама негізіне, көбіне, адамның қандай да бір жағына: санасына, мінез-құлқына, көңіл-күйіне ықпал ету тәсілінің бағыттылығы алынатындығын көрсетті. Басқа сөзбен айтқанда, негізінен, адамның құқықтық білімін, көзқарастарын, теріс қылықтар мен он іс-әрекеттерді бағалай алу қабілетін, заңға бағынудағы құндылыққа сенімін қалыптастыруға бағытталған әдістер бар. Оларды сананы қалыптастыру әдістері (немесе сенімді қалыптастыру әдістері) деп атайды.

Әдетте, бір типті мінез-құлықты, бір қалыпты реакцияларды қалыптастыруға бағытталған әдістер де бар. Оларды мінез-құлықты қалыптастыру және қызметті ұйымдастыру әдістері деп атайды.

Қосымша деп аталатын да әдістер бар, олар мінез-құлықты түзетуге және ынталандыруға бағытталған (жарыс өткізу, мадақтау, жазалау).

Құқық бұзушының әлеуметтік-құқықтық, типологиялық нышандарына, КТІБ қызметкерлерінде бар ақпараттың көлемі мен мазмұнына қарай сақтандыру әнгімелерінің белгілі бір түрлерін бөліп алуға болады, оларды ұйымдастыруда және жүргізуде елеулі айырмашылықтар болады. Осыған байланысты сақтандыру әнгімелері: 1) диагностикалық (таныстық) әнгімелер және 2) тәрбие әнгімелері болып бөлінеді.

1. Диагностикалық әнгіме құқық бұзушыға жеке-дара сақтандыру ықпалын көрсету процесіндегі ең күрделі де жауапты жұмыс, себебі жасөспірім теріс әрекет жасап, оны есепке алғанда онымен танысу осы әнгімеден басталады.

Таныстық (диагностикалық) әнгіменің жауапты іс-шара екендігінің тағы бір себебі – ары қарайғы тәрбие жұмысының барысы оның мазмұны мен нәтижесіне көп байланысты. Мұндай әнгіменің психологиялық әсері, сөз ырғағы адам тағдырына деген мүдделілікті, қайырымдылықты, сонымен қатар талапты білдіруге тиіс. Бұл әнгіме ұғымды және мазмұнды болу үшін сол адам жайында, оның таныстары, байланыстары, іс-әрекеттері жайында көбірек ақпарат жинау керек.

Мұндай әнгіме өткізуде, мүмкіндігінше толық және шын ақпарат алуға, біздің ойымызша, карточка көмектеседі, онда сол адам жайында барлық қажетті психологиялық мінездемелер баяндалған, КТІБ қызметкері оларды талдап, өзі үшін тиісті қорытынды шығарады.

Сонымен қатар психологияда алғашқы әнгіме жүргізіліп отырған жасөспірімнің сөз астарын талдайтын келесідей тәсілдер бар.

1. Мысалы, не себепті құрылыс училищесіне түстің деген сұраққа жасөспірім «Маған жолдасым сондай кеңес берді» деп жауап берсе, бұл жауаптың астарынан отбасындағы қарым-қатынастан хабардар боламыз: неге ата-анасы емес, неге жолдасы сондай кеңес берген.

2. Жасөспірімге дайын көзқарастарды қолына ұстата салмай, оның жауап беруін оңайлататын қосымша сұрақтар арқылы әнгіме жүргізу. Мысалы, өткендегі сұрақты жалғастырып оған мынадай сауал қоюға болады: «Сенің ол мамандықты таңдағаныңа ата-анан қалай қарайды?». Егер сөз астары дұрыс түсіндірілген болса, ол «Оларға бәрі бір» немесе «Ешнәрсе деген жоқ» деп жауап қайтарады.

3. Қандай да бір пікірді, көзқарасты талқылағанда оның шыққан көзін «сынға алып» жасөспірімді ашық әнгімеге тарту. Мысалы, отбасындағы арақатынас тақырыбын ары қарай жалғастырып: «Бәлкім олар сені ересек болды деп санап, саған толықтай сенетін шығар» деген сауал тастау керек.

4. Жасөспірімнің сенімін жаулап алу үшін қандай да бір мәселе бойынша онымен келісе салу. Мысалы, сен қазіргі музыканы жақсы түсінетін сияқтысың. Кейбір музыкалық топтар маған да ұнайды. Айтпақшы, сен олардың қандай шығармаларын білесің?

5. Жасөспірімнің көзқарасын білу мақсатында қандай да бір тақырып немесе мәселе бойынша әдейі сөз таластыру. Мысалы, оның ұрлыққа қалай қарайтындығын білу үшін оған бір оқиға туралы суреттей отырып, сұрақтар қою керек. Айталық, бір мектеп оқушысы радиоәуесқой екен, ол өз қолымен компьютер жинамақшы, бірақ көптеген детальдары жетіспегендіктен ол оларды мектептен «ұрлап



кетіпті». «Сен оны қалай бағалайсың?».

6. КТІБ қызметкерін осы кезде мазалап отырған жағдайға ұқсас жағдайды жасөспірім бұрын басынан өткерсе, сол уақиғаға қайта оралу, соны еске түсіру, оның кейбір тұстарын айта отырып, жасөспірімнен қосымша ақпарат алу. Мысалы, «Сен, менің білуімше, спорт секциясына қатысасың. Бірақ кейін бармай кеттін, неге?» немесе «Сен ол балалармен қалай достасқаныңды айтып берші».

7. Жасөспірімнің қабілетін айқындау мақсатында алда болуы мүмкін жағдайдағы оның қылығын көтермелеп дәріптеу. Мысалы, «Сенің жолдастарың уақытты көңілді өткізу үшін шарап сатып алып оны ішуді жоспарлады. Олардан кем емессің, сен де ішесің ғой?».

8. Өзара қатынасқа байланысты қандай да бір жағдайға жасөспірімнің бейімделу қабілетін анықтау мақсатында КТІБ қызметкерлері мен жасөспірім арасында жасанды жағдай тудырып, өзара «рөлдер» бөлісу. Мысалы, қызметкер мынадай сұрақ қояды: «Мен бәлендей іс-әрекет жасап едім, сен мені оған нені итермелегенің білгің келеді. Қане, сен маған қандай сұрақтар қояр едің?».

Сұрақтар нысанын таңдаудың таныстық әңгіме жүргізудегі маңызы зор. Нені айқындау керек екендігіне қарай сұрақтардың әртүрлі нысандарын пайдалануға болады:

Тіке сұрақтар әңгіме төркініне тікелей қатысты болады. Мысалы: «Сен мұны неге істедің?» (жалпы тіке нысан) немесе, «Сен мұны ерлігіңді дәлелдеу үшін істедің бе?» (нақты тіке нысан). Жасөспірім өзінен не жайында сұрайтындығын білгенде ғана бұл сұрақтарда тиімділік болады. Әдетте, ішкі дүние құбылыстары жасөспірім санасында нашар тарамдалған, сондықтан тіке сұрақтарға мазмұнсыз жауап қайтарылады («мен білмеймін», «қателесіппін», «не істерімді білмеймін» және т.б.) немесе онда жауап нұсқасы болады.

Жанама сұрақтар тікелей жауап алуға емес, онымен жанама байланысты ақпарат алуға бағытталған. Мысалы, құқық бұзушыға қойылатын «Сен мұны неге істедің?» деген сұрақты өзгертіп: «Айтшы, мұның бәрі қалай болды?» деген жанама сұрақ қоюға болады.

Жобалық немесе шартты сұрақтар жасөспірімнің елестетуін тудырады. Адамның бағыттылық ерекшелігін айқындау үшін жобалық сұрақ былайша қойылуы мүмкін: «Мысалы, сен жаратқанның әмірімен шексіз билікке ие бола қалдың делік. Сонда бірінші, екінші, үшінші кезекте не істер едің?» (ол кезеңдерді КТІБ қызметкерлерінің өзі анықтауы мүмкін).

Таныстық әңгімені өткізудің тиімділігі әңгіме жоспарына, КТІБ қызметкерлерінің кәсіби деңгейіне қатысты бірқатар талаптардың орындалуына, нәтижелерді дұрыс бағалауға байланысты. Мысалы, әңгіме жоспарында сол айқындалатын сұрақтардың мазмұны мен қойылу реті қарастырылады. Сұрақтар мазмұны әңгіме мақсатына сай келуге тиіс. Ал олардың қойылу реті жасөспірімді біртіндеп әңгімеге тартатындай болады. Мұндай мақсатқа жету үшін әңгімені бейтарап сұрақтардан бастаған жөн. Жасөспірімнің жасалған құқық бұзушылыққа, достарына, құрдастарына қатынасын бағалауды қажет ететін сұрақтар әңгіменің орта тұсында қойылады. Ол сұрақтарды тосыннан қоя салмай, оларға біртіндеп жақындау керек. Ондай сұрақтар бірінен соң бірі қойылмайды, араларына бейтарап сұрақтар кіреді. Сонымен қатар әңгіме нәтижесін бағалағанда бір тақырыпқа қайта-қайта оралған, бірақ басқа контексте басқар жайында қойылған сұрақ-жауапқа сүйену керек.

Тәрбиелік әңгіме жасалған қандай да бір қылық жайында жүргізіледі. Мұндай әңгімені полиция қызметкері оңай ұйымдастыра алады, себебі ол жасөспірім оған таныс, арада психологиялық байланыс бар. Мұндай әңгімелер, көбіне, ресми емес жағдайда, әдетте оқу орыны әкімшілігінің немесе тұратын жеріндегі жұртшылық өкілдерінің қатысуымен өткізіледі. Тәрбиелік әңгімелер өткізгенде КТІБ қызметкері тежеуші амалдар деп аталатындарды кең пайдаланады, оларға: наразылық білдіру, келемеждеу, ескерту, кінәлау, бетке басу, жазалану мүмкіндігінен үрейлену және т.б. жатады. Бұл баяндалғандардың көздеген бір мақсаты бар, ол – жеке-дара сақтандыру процесінде кәметке толмаған адамның нақты қылмыс жасауының субъективтік (ішкі) себептері мен объективтік (сыртқы) жағдайларына сендіру әдісімен ықпал етудің қалай жүзеге асырылатындығын көрсету. Бұл істе мәжбүрлеу әдісі де біршама қосымша рөл атқаруы мүмкін. Ол жеке-дара сақтандыру жұмысында өзінің заңдық тегі, мазмұны және бағыттылығы жағынан әртүрлі мәжбүрлеп ықпал ету шараларын қолдану арқылы іске асырылады. Бұл шаралардың сақтандырушылық мәні сонда, олар адамды қандай да бір құқықтардан айырып, оған қолайсыз жағдай тудырып және санасына, сезіміне, еркіне ықпал етіп оның теріс әрекетке бару ынтасын жою, онда өз әрекетіне сыни көзқарас қалыптастыру, зиянды әдеттерден бас тартатын, оның негізінде жатқан сылтауларға дұрыс баға бере алатын дәрежеге жеткізу. Содан кейін барып құқық бұзушыда заңға сай келетін мінез-құлық пайда болады.

Бірақ жеке-дара сақтандырудың күрделілігі басқада жатыр. Ол дамуында және мінез-құлқында



ауытқушылық бар жастар санының көбеюімен байланысты, ол айырықша педагогиканын – көмектесу және қорғау педагогикасының пайда болуына алып келеді, оны коррекциялық педагогика деп атайды, ол балаларда ауытқитын мінез-құлықтың пайда болу заңдылықтары мен себептерін зерделейді, оларды түзетудің жолдары мен тәсілдерін іздестіреді. Егер медициналық статистиканың мәліметтеріне сүйенсек, мектепте 10 жыл оқыған аралықта дені сау балалар саны 4-5 есе азайып, олар бітірушілердің бар болғаны 10-15%-ын ғана құрайды екен. КТІБ қызметкерлері бұл жағдайды ескеруі тиіс, себебі психикалық ауытқу кейде адамның генезисінде шешуші рөл атқарады. Жасөспірімнің дамуы қалыпты ма, әлде қалыптан ауытқыған ба, міне осы жағын КТІБ қызметкерлерінің анықтауы қиындық тудырады. Қалыпты адам ұғымына дәл ғылыми түсініктеме беру мүмкін болмағандықтан адамның орташа және жиі кездесетін күйін қалыпты деп санау керек.

Бұл орташаның өзі әрқашан бірқалыпты болмайды, ол дәуірдің әлеуметтік-экономикалық, мәдени-тарихи, климаттық және басқа жағдайларына қарай өзгеріп тұрады.

Әдебиеттер:

1. Жалинский А.Э. Специальные предупреждение прест. в СССР: вопросы теории. – Львов, 1976. – 314 с.
2. Абдиров Н.М. Стратегия борьбы с наркотизмом и наркобизнесом. // Борьба с преступностью в Казахстане (Вопросы теории и практики). - Алматы: Ғылым, 1998. - 219 с.
3. Ногойбаев Б.Б., Ногойбаев А.Б. Наркотики. Теория и практика противодействия: Монография. - Бишкек, 2003. – 355 с.